

Әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 мамырдағы № 246 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 мамырда № 7057 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 547 "Қостанай облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5179 болып тіркелген, 2014 жылғы 12 желтоқсанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) қаулысы;

2) Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 72 "Әкімдіктің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 547 "Қостанай облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6197 болып тіркелген, 2016 жылғы 1 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысы.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұхамбетов